



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Асхатова Фариза Ерденқызы

fariza_20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану мамандығының
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.А. Бегимова

Терминологияның жалпы теориялық негіздері мен ғылыми жолбасшы пікірлер А.А. Реформатский, Н.А. Баскаков, Д.С. Лотте, А.В. Скляревская, Н.В. Васильев, Т.А. Канделаки т.б., қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, Ә. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстарында қарастырылған. Термин жасау ісімен қазақ зиялыларының барлығы дерлік айналысқан десек қателеспейміз: А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгеров, Б. Аспендияров, Г. Бірімжанов, Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамбетов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, К. Бегалин, С. Аманжолов т.б. ғалымдар қазақ тілінде әртүрлі оқулықтар мен оқу құралдарын жазу үстінде бұрынғы қолданып жүрген сөздердің мағынасына жаңаша терминдік атау беріп, көптеген игілікті жұмыстар атқарған. 1925-1935 жылдардың арасында Қазақ АССР Оқу Халық комиссариаты жанынан ашылған әдістемелік бюро, онан кейінгі арнаулы түрде құрылған терминология комиссиясы қазақ тілінің терминологиясын жасау ісімен шұғылданып отырды. Қазақ тілінің дамуы мен өркендеуіне, терминдерді қалыптастыруға көп көңіл бөлді. 1936 жылдан бастап күні бүгінге дейін қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасау, оған басшылық етіп отыру ісімен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы айналысып келді. Соңғы уақытта, терминология саласы Ә. Қайдар, Ш. Құрманбайұлы, Ж. Манкеева, С. Әлісжанов, С. Исақова, С. Ақаев, Д. Омашұлы сынды зерттеушілердің еңбектерімен толықтырылуда.

Тіліміздегі құқық және мемлекетті басқару саласындағы терминдердің қалыптасу тарихы бірнеше кезеңдерді бастан өткерді. XX ғасырдың 90 жылдарында ел тарихындағы елеулі өзгерістерге байланысты қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі басталды. Сол уақыттан бастап, 25 жылдан артық мерзім ішінде терминология саласы көптеген зерттеулермен толықтырылды. Алайда негізгі және алғашқы зерттеулер XX ғасырдың 30 жылдарына дейінгі ғылым тілін қалыптастырған алаш зиялыларынан бастау алады. Ахмет Байтұрсынов бастаған ғалымдар тобы ұлттық терминологиялық қордың негізін қаласа, кейінгі зерттеушілер осы ғалымдар салған жолмен, олардың терминжасам тәжірибесіне сүйенген дәстүр жалғастырушылары болып табылады. Бұл жөнінде, Ш.Құрманбайұлы: «Алаш зиялыларының терминологияны дамыту қағидаттары да, терминжасам мен терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесі де бүгінгі қазақ терминологиясын жетілдіру барысында негізге алынып, қажетімізге жарап отыр. Бұл алаш оқымыстыларының терминологияны қалыптастырудың ғылыми негізін о баста берік қалағандығының айғағы» - деп түйіндейді [1, 2 б].

Кез-келген терминнің термин болып қалыптасу жолы, пайда болу тарихы бар. Оған әлемнің саяси-әлеуметтік жағдайы мен халықтың даму шежіресі тікелей әсерін тигізеді. Сол сияқты, қазақ тіліндегі заң терминдерінің лексикалық жүйе ретінде қалыптасуы елімізде заң ғылымының өрістей дамуымен тікелей байланысты.

Қазіргі қолданыстағы құқық терминдерінің жасалу жолы, шығу төркіні әр түрлі болып келеді. Жалпы қазақ тіліндегі терминдердің қалыптасу жолын шартты түрде 3 топқа бөліп қарастыруға болады:

1. жалпытүркілік лексикалық қорынан сақталып қалған сөздер – иарлық (бұйрық), зындан, қарар, тархан, бек, төре, ұлық т.б.;
2. қылмыстық құқыққа қатысты қазақ тілінде бар атаулар – жала, құн, айғақ т.б.
3. басқа тілден ауысқан кірме атаулар – әшкере (парсы), баб (араб), қарыз (араб), сот

(орыс) т.б.

Тіл адамзат өткізген тарихтың күллі жиынтығы. Сондықтан, тарихта болатын ірі оқиғалар мен өзгерістер тілде өз ізін қалдырмай қоймайды. Сол сияқты, қазақ тіліндегі құқық терминдерінің қалыптасу жолын зерттеуімізде елдің тарихына көз жүгірткен жөн. Қазақстан жерінде сонау көне дәуірден бастап Батыс түрік қағанаты, Қараханиттер, Қарлұқ қағанаты, Түргеш қағанаты, Оғыз мемлекеті, Ақ орда кейінгі қазақ жүздерінің хандықтары сияқты ірі мемлекеттік бірлестіктердің болуы ел басқару, құқық терминдерінің дүниеге келуінің алғышарты болды. Мысалы, "Дала уәлаяты", "Түркістан уәлаяты" газеттерінде "төре", "ұлық", "қуғыншы", "жоқшы", "кесу", "жауапкер", "іс", "қорғаушы", "кепілге алу", "куәгер", "ықтияр", (право) "жаза", "билік" (решение), "ағару" (оправдание), "мойнына алу" (признание) т.б сөздердің құқықтық ұғымдардың атауы ретінде кең қолданғанын алғашқы қазақ баспасөзінің тілін зерттеуші Б.Әбілқасымов өз еңбектерінде дәйім айтып келеді. Осының өзі де қазақ тілі заң терминологиясы өз бастауын әріден алатындығына дәлел бола алады [2, 27 б].

Түркітану ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі Ә.Қайдар, шығыс халықтары, сондай-ақ қазақ қауымы арасында мемлекет басқарудың, қоғамдық-әлеуметтік тәртіп сақтаудың, дау-дамайды шешудің көне дәуірден бері келе жатқан үш түрлі жол-жоралғысы болғанын айтады: 1) Әдет – алғашқы қоғамнан бастап, ислам діннің тарауына дейін (кей жағдайда одан кейін де дәстүрге айналған заң-құқық түрі, оны әдет-ғұрып деп те атайды); 2) Шариғат/Шариат – ислам дінін қабылдауға байланысты қалыптаса бастаған діни құқық, тәртіп; 3) Жарғы, заң, конституция – билеуші, төстеуші үкімет мемлекет тарапынан жоғарыдан қабылданатын құқықтық құжаттар. Белгілі ұлттық қоғамда бұл құқықтар бөлек-бөлек емес, бәрі бағытта, бір-бірімен үйлесімді түрде, бірін-бірі толықтыра жымдаса (синкретикалық түрде) қолданысын тауып келеді. Олардың бәрін тіл деректері мен этнолингвистикалық фактілерден де байқауға болады [3, 112-113 б]. Әдет, шариғат, заңға қатысты жалпы ұғымдарға айып, алым-салық, билік, дау, ереже, жаза, абақты, жарғы, жарлық, заң, кек, куә, құн, сайлау, сот т.б. сөздерді жатқызады.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы өте ертеден келе жатыр. Бірақ ол дәл қазіргідей кітапқа жазылып, жүйеге түспесе де ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап, оның қағидалары "билер сөздері" деп аталатын шешендік нақыл сөздер мен мақалдар-мәтелдер түрінде сақталған. Осы күнгі бірнеше тарихи белестерден өтіп, халқымыздың құқықтық заң терминологиясының алғашқы элементтері бастауы осы қағидаларында жатыр.

Ана тілімізде қолданылған заңдық ұғымдарды білдіретін сөздердің ерекшелігіне қарай олардың қалыптасуының төрт кезеңін көрсетуге болады: Бірінші кезең – қазақ хандарының дәуірі. Бұл кезде құқық қорғау мәселесін, әр түрлі дау-шарларды елден шыққан би мен қазылар шешті, олар қараған мәселесін бұрыннан ел ішінде қалыптасқан әдет-ғұрып заңдары мен хандар шығарған заңдарды басшылыққа ала отырып, өз шешімдерін хабварлайтын еді. Сондықтан да қажетті заңдық ұғымды білдіретін атаулар әдет-ғұрып ұғымының негізінде, хандар құжаттарында ("Есім ханның ескі жолы", "Қасым ханның қасқа жолы", "Тәуке ханның жеті жарғысы" т.б) кездесетін лексималар негізінде қалыптасты. Бұл кездегі атаулардың көп дені қазақтың төл сөздері еді. Екінші кезең 1731 жылдан, яғни Қазақстанның Ресейге қосылуынан басталып, XIX ғасырдың 60 жылдарын қамтиды. Сондықтан да бұл аралықтардағы заңдық ұғымда тек қазақтың төл сөздері ғана емес, сонымен бірге орыс тілінен енген атаулар да пайда болды. Үшінші кезең (XIX ғасырдың екінші жартысында 1917 жылдың Қазан төңкерісіне дейін) империялық отарлау саясатын іске асыру бағытында жүгізілген бірқатар әлеуметтік реформалар іске асырылды. Оның ішінде сот ісін жүргізудің тәртібін, жаңа сот құрылысын белгілеген реформалар да болды. Бұл – қазақ тілінде осы кәсіпке байланысты жаңадан терминдік мәнге ие болған сөздер тобының дараланып шығуына үлкен әсер етті. Бұл кезеңдерде елдегі біраз даулы мәселелерді шариғат заңымен шешуге де жол берілді. Мұның өзі сол уақыттағы заң терминдерінің кейбіреуі араб тілінен енген сөздер болуына жол ашты. Осы тұста терминдік мағынаға ие болған мынандай байырғы сөздерді атауға болар еді; дау, бітім, салауат (кешірім), береке бітім, билік, айғақ,

куәлі, құн, қалың мал, дүре, жаза, даукер, жауапкер т.б. Олар мынандай терминдік дара мағынада қолданыла бастады, айғақ – свидетель, айып – обвинение, жаз – наказание, даукер – потерпевший, жан беру – присягнуть, куәлік – свидетельство, бітім – мир, билік – решение, құн – вид наказания т.б. XIX ғасырда жаңа реформаға сәйкес сот жүйесінде кінәлілерге тағылатын айып пен жазаның түрі мен мазмұны да өзгерді. Мысалы, бұл кезде: билік ат, түйе бастаған бір тоғыз, ат-шапан, ат-шапан, айып сияқты жазаның түрлерін білдіретін сөздер заң терминдері қызметін атқарды. Осы уақыттан бастап сот, судья терминдерінің мағыналық жігі ажарап, даралана бастады. Сот заң ісімен айналасатын мекеме болса, судья заң ісін жүргізетін адам деген ұғымдарды білдіретін болды. Бірқатар етістік сөздер терминдік мән алды: ағарды – был оправдан, күйеді – признается виновным, мойнына түсу – быть виновным т.б.

Бұл жылдары, әсіресе, орыс тілінен ауысып келген заң терминдерін көптеп кездестіреміз. Ол сөздер қазақ тілінен фонетикаға сәйкес дыбыстық пішіні өзгертіліп қолданылды; кәтелешке, паспұрт, болыс, майыр, ояз, жандарал, жераба т.б. Бұл кезеңде енді бір топ сөздер қазақ тіліне орыс тілінен дәлме-дәл аудару жолымен енді де, кейін тұрақты заңдық термин болып қалыптасып кетті: іс – дело сөзінің аудармасы, тінту – обыскать, қараңғы үй – темница т.б. Кей кездерде орыс сөздерін қазақ тіліндегі баламасымен жарыстыра қолданушылық та кездесіп қалады: Мысалы, закон – заң, посредник – делдал, уголовный іс – қылмысты іс, назначение – арнау, бекіту т.б. [4, 154 б].

Төртінші кезең (1917 жылдан қазіргі таңға дейін) Қазан революциясынан кейінгі уақыт. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдығы қазақ сөз байлығының терминдену кезеңі болып табылады. Қоғамдық дамуға сәйкес өзгеріске ұшыраған шарттар болды. Жалпы бұл кезеңде ғылыми дамуларға байланысты ғылыми тіл және ғылыми терминдер қалыптасты [5, 78 б].

Бұл жылдары жаңа типтегі бастауыш, орта, жоғарғы оқу орындары ашылды, территориялық және әкімгершілік орталықтар, ғылыми мекемелер құрылып, мәдени ошақтар жұмыс істей бастады. Әртүрлі құқық қорғау орындары жаңа саясаттың негізінде іс жүргізуге кірісті. Ол үшін жаңа заңдар қабылданды. Осы заңдар енді ғана құрылған үкіметтің экономикалық қоғамдық, мемлекеттік құрылымдары мен жеке қоғам мүшелерінің құқығы қорғалуға тиісті болғандықтан бұрынғы патшалық Ресей заңдарының көпшілігі іске аспай қалды. Жаңа заңдар жинағында жаңа ұғымдарды білдіретін атаулар қажет болды. Бұл жағдай жаңа терминдермен баюына тікелей ықпал етті.

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңдерінде – еліміз егемендік алып, бүкіл халқымызды мәдениетті, білімді ету мәселесі күн тәртібіне қойылған кезде – қазақ тілінің ғылыми терминологиясын бұрынғыдан гөрі түпкілікті ету, әрі халық арасына батыл түрде баянды етіп сіңіру мәселесінің өте зор маңызы алып отыр. Халықтың мәдениеті көтеріліп, санасы өскен сайын тіл қадірі де аса түсетіні белгілі. Ғылым мен мәдениеттің шарықтай өскен заманында басқа терминдер сияқты заң терминдері құрамында да көптеген өзгерістер болды: бұрынғы терминдерн құрамындағы бірқатар атаулар ескіріп, қолданудан шығып қалды, оның есесіне жаңа замандағы жаңа ұғымды білдіретін жаңа атаулар пайда болды (болыс, би, қазы, ұлық т.б.) осы сияқты көне атаулар архаизмге айналып, кеңес, сот, прокурор, қорғаушы, тергеуші т.б. сөздер осы кездегі әлеуметтік меншік пен мемлекетті қорғаушы субъектілердің мазмұнын білдіретін терминдік мәнге ие болды. Бұл кезде заңдық ұғымды білдіретін атаулар жалпыхалықтық тіліміздің негізінде, басқа тілдегі терминдік атауларды қазақ тілінде дәлме-дәл аудару нәтижесінде, басқа тілдерден ауысқан сөздерге терминдік мән беру арқылы және шет ел тілдеріндегі терминдерді сол қалпында қабылдау жолдарымен байып, толығып отырды. Мысалы, зиянкестік, әскери міндет, ерік білдіру, уақытша қызметкер, қарсы талап, үлес бөлу, қылмыскерді ұстап беру, мемлекеттік құрылым, елтаңба, азаматтық талапкер, азаматтық, қос азаматтық, айғақты зат, жалған құжат, тергеу, тергеуші, қайта тергеу т.б. осы тектес сөздер кеңес үкіметі тұсында заңдық ұғымды білдіретін терминдік мән алды. Бұлардың барлығы да қазақтың төл лексикалық қорындағы сөздер болып табылады.

Қазақ тіліндегі заң терминдерін зерттеуге өз жұмысын арнаған жас зерттеуші

Е.Серікбол Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан заң терминдерінің одан бұрынғы кездегі заңдық ұғымдағы атаулармен салыстырғандағы негізгі ерекшеліктерін былай топтастырады:

1. Заңдық ұғымды білдіретін сөздер бұл күндері қазақ тілі лексикалық құрамынан салалық терминдердің негізгі бір саласы ретінде жеке дара бөлініп өзінің тиісті орнын алуы;

2. Осы кездегі құқықтық мекемелерді, оқу орындарының көбейе, ұлғая түсуіне, соған байланысты жаңа ұғымдардың қалыптасуының арқасында заңдық ұғымдағы сөздер ерекше мән алып, бұл топтағы сөздер мазмұндық жағынан баюы;

3. Құқықтық терминдер тобы басқа тілден ауысып келген кірме сөздермен толығуы. (көбінесе орыс тілінен не болмаса орыс тілі арқылы басқа еуропа тілдерінен ауысып келген интернационалдық атаулармен);

4. Заң терминдерінің құрамы өзіміздің ана тіліміздің төл сөздерінің негізінде, олардың мағыналарының кеңеюі нәтижесінде дамуы;

Заңдық ұғымды білдіру үшін ана тіліміздегі сөздерді пайдаланғанда, оларды басқа тілдерден дәлме-дәл аудару (калька) жолымен де жүзеге асырылды. Заң терминдері ана тіліміздің лексикалық қорынан өзінің тиісті орнын алуына байланысты олар ғылыми зерттеу объектісіне айналуы, құқықтық мәндегі сөздердің түсіндірме және аударма сөздіктерінің жарық көруі [6, 18 б]. Біздің ойымызша, бұл зерттеу жұмысында Кеңес үкіметі заманындағы және оған дейін қалыптасқан заң терминдерінің даму үрдісін салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде бұлай бөлуі өте орынды. Себебі, дәл осы тұста қазақ лексикасындағы құқықтық терминдер жаңа белеске көтеріліп, көптеген терминдермен толықтырылған болатын (автономиялы округ, авторлық құқық, азаматтық құқық т.б.).

Сонымен, қазақ тіл біліміндегі құқықтық терминдерінің қалыптасу тарихы бірнеше кезеңді бастан өткерді. Ұдайы жаңарып, басқа атаулармен алмастырылып немесе толықтырылып келе жатқан лексиканың бұл саласы әлі даму үстінде. Бүгінгі таңда, қазақ терминологиясында қазақ тілінде терминдерді қалыптастыру үлкен қиындықтар, пікірталастар туындатуда. Ғалымдар құқық терминдерін аудару ісіне назар аударып, қолға алып отыр. Негізін сонау көне дәуірлерден алатын заң терминдерінің болашақта тұрақтанып, бірізденетініне үмітіміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. Ұлттық терминқор қалыптастырудың алаш кезеңі және қазіргі қазақ терминологиясы// <https://termincom.kz/makalalar>
2. Әбілқасымов Б. XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. - Алматы, "Ғылым", 1998. -144 б.
3. Әбдуәли Қ. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік.-Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. -728 б.
4. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX в. - Алма-Ата, 1958. - 577 с.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
6. Серикбол Е. Заң терминдері. Қазақ терминологиясы // <http://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=234&t=4060>